

Тексерілді:

«Нұрби» мектеп-баббақжай-балабақша
кешені менгерушісі *М.А. Мирманова* Мирманова М.А.



Ашық оқу қызметтері

Тақырыбы: «Жемістер»

Орындаған: Шакирбекова А.А.

Білім беру саласы: Таным, денсаулық, қатынас

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті түрі: Сенсорика.

Тақырыбы: Өртүрлі жемістер

Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсінік беру, түстер мен пішіндерін ажыратуға үйрету, денсаулыққа пайдасы туралы мағлұмат беру. шапшаңдыққа, тазалыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойлау қабілетін, тілін, сөздік қорын дамыту.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, ойын сергіту, күтпеген сәт.

Көрнекілік: жемістер, себет, суреттер. Двд

Әрекет кезеңі Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғаушы

Ізденуші-ұйымдастырушы

Рефлексивтік-коррекциялаушы Шаттық шеңбер

Қуан шаттан алақай,

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң, балалар,

Қайырлы таң, апайлар!

Қазір көктем мезгілі. Көктем мезгілінде ағаштар бүршік атады, жерге көктер шығады, арықтарға сулар толады.

Өткен оқу іс-әрекетті еске түсіру. Бүгінгі оқу іс-әрекетті сендерге жұмбақпен бастағым келеді, Жұмбақ:

Аспай түскен,

Қайнамай піскен.

Ол не екен?

-Дұрыс , балалар, жемістер екен. Жемістерге не жататынын білесіңдер ме? (ДВД – дан жемістердің суреттерін көрсетіп, түсіндіру.) Жемістер дәрумендерге өте бай. Жемістерден тосаптар мен шырындар жасаймыз.

(Жемістердің қандай пайдасы бар екенін айтып өту.)

- Балалар, мұнда қарандаршы, бір қалта жатыр, ішінде бір нәрсе бар сияқты, Білдім, бұл қалтада бүгінгі іс – әрекетке байланысты жұмбақ жасырылған.

Ойын; «Сыйқырлы қалта»

Мақсаты: Балалардың сипап сезу, тану қабілеттерін арттыру.

Шыққан жемістерге байланысты кім тақпақ біледі?

Жарайсыңдар, балалар, сендер өте жақсы тақпақтар айттыңдар. Шаршамас үшін денемізді сергітіп алайық.

Сергіту сәті.

Алма баққа барайық

Алма теріп алайық

Ең үлкенін дәмдісін

Анамызға сыйлайық

Күтпеген сәт.

Топ бөлмесіне себеті бар дәрігер апай келеді.

- Сәлеметсіз бе? Дәрігер апай, келіңіз, кіріңіз. Балалар, қане дәрігер апайымызбен амандасайық.

- Балалар, бізге дәрігер апай себетпен келіпті. Бұл себеттің ішінде не бар екен?

- Ашып қараймыз ба?

Ішінде жемістер бар екен. Дәрігер: Балалар біз жемістерді алдымен жуып жеуіміз керек.

Анамыз дүкеннен немесе базардан жемістерді әкелгенде жуып жиіміз.

- Дәрігер апайымыздың әкелген жемістерінің дәмін көргілерің келе ме? Ендеше, ойын ойнайық.

Ойын: «Дәмін тат, атын ата»

Мақсаты: Балалардың дәм сезу қабілеттерін арттыру

Балаларға кесілген жемістерді тарелкаға салып алдарына қоямыз.

- Мынау қандай жеміс?
- Дәмі қандай?
- Түсі қандай?
- Пішіні қандай?

Дәрігер: Жарайсыңдар, Балалар жемістер дәрумендерге бай, денсаулыққа пайдасы көп. Біз жемістерді көп жесек ауырмай үлкен болып өсеміз.

- Балалар, жемістер бізге үлкен еңбекпен келеді. Біз оларды егеміз, суарамыз, баптап күтеміз. Піскеннен кейін жинаймыз.

Ойын: «Жемістерді жинау»

Енді, балалар енді дәрігер апайға рахмет айтып қоштасайық. Жемістерді серуенге шыққан жейміз.

Тәрбиеші: Балалар жемістер қайда өседі екен? Жемістерді ағаштан үзе салып деуге бола ма?

Оларды жақсылап жылы сумен жуып содан соң жеу керек. Балалар жемістерді кептіріп, өрік, мейіз, алманы да кептіруге болады екен. Жемістердің құрамында көптеген дәрумендер болады. Бүгінгі іс - әрекеттен алған білімдеріңді қорыту үшін ойын ойнайық

Ойын: «Бөлігін тап»

Балалар, мен тақтаға бөлінген жемістерді орналастырдым. Осы бөлінген жемістердің бөлігін тауып құрастырайық.

Жарайсыңдар, сендер, дұрыс, әдемі құрадыңдар.

Барлығымыз жеміс тукралы «Апорт деген тәтті алма» әнін орындайық.

Оқу іс-әрекет жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтап жемістер тарату.

Балалар, сергіту сәтін іс-қимылмен орындайды.

Жеміс

ДВД – дан көрген суреттерді танып, атын атайды

Нұрғиса:

Жұлып едім жүзімді,

Жүзі бірден үзілді.

Жүзінде жеп қойыппын,

Өзім әбден тойыппын.

Ұлназ.

Бір тістеп өзін алғамды.

Дәмі аузымда қалғанды.

Домалатып жеймін мен,

Күнде қызыл алмамды.

Құралай:

Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Балақайлар жақын келсе,

Басымды мен иемін.

Наргиз:

Уылжыған өрікпін,

Мен бау – баққа көрікпін.
Бал татыған дәмім бар,
Көктемде ерте гүлдеймін,
Піспей тұрған кезімде,
Менен аулақ жүр деймін
Сергітуді қимылдармен жасайды
Сәлеметсіз бе?

Иә

Иә

Балалар жемістерді жеп, дәмін, атын атайды

Балалар, жылдамдықпен жемістерді жинайды.